

Тәжірибелік сабақ №5.

Тақырыбы: Қазтуған жыраудың өмірі, шығармашылығы

Мақсаты: Қазтуған жыраудың өмірі, шығармашылығымен танысу

Негізгі сұрақтар:

1. Жорық жыршысы Қазтуғанның өлең-толғауларында – атамекен, ел мен жер, әскери тақырыптың кең көлемінде көрініс беруі.

2. Жырау шығармаларындағы ұлттық бояу бедерлері, көркемдік өрнектер, суретттеу тәсілдері

Тапсырма: Аталмыш тақырыпты ғалымдар еңбектерінен жинақтап, қысқаша конспектілеу, өз ойларыңызды жазыңыз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Семинардың тақырыбымен танысып алған соң, қажетті әдебиеттерді іріктеп алу қажет. Бір сұрақтың айналасында айтылған түрлі авторлардың пікірлеріне іштей салыстырулар жасап, түйінді жерлерін қағаз бетіне түсіру керек. Осы мәселе төңірегінде өз ойыңыз қандай, соны дәйектеңіз. Бұдан соң белгілі бір тұжырымды дәлелдеу үшін өзіңіз оқыған көркем туындылардан, сын мақалалардан мысалдар келтіріңіз. Келесі семинарларда алдыңғы өткен сабақтарда дайындаған материалдарыңызды, алған біліміңізді дұрыс пайдалана біліп, жаңа тақырыппен байланыстырып отырыңыз.

Жақсы конспект жазу ережесі. Қолмен немесе ноутбук көмегімен? Ересек адамның қолмен жазу жылдамдығы ноутбукте теру жылдамдығынан төменірек, сондықтан ноутбуктің көмегімен көбірек ақпарат сақталады. Бірақ қағазға түсірілген жазбалар, ең алдымен, жақсырақ жүйеленген болады: жылдамдықтағы шектеулердің себебінен сіз тек ең маңызды сәттерді теріп, процесс үстінде кестелер мен сызбалар да жасап отырасыз. Сонымен қатар, егер сіз аудиторияда отырсаңыз, ноутбукте сізді ғана емес, көршілеріңізді де алаңдататын заттар толып жатыр (Computers & Education журналында жарияланған мақаладағы статистика бойынша тыңдаушылардың 81%-ы конспект жүргізудің орнына почтаны тексеруді бастайды, және, 25%-ы назарларын компьютер ойындарына аударады екен).

Зерттеулерде қай стратегия анағұрлым ұтысты деген сұраққа нақты жауап берілмеген, - одан маңыздырақ сұрақ, сіз конспектіні жазылғаннан кейін бірден оқисыз ба?! Сонымен қатар, конспектіге дәріскер қолданатын кестелер мен сызбаларды қосқаныңыз дұрыс, яғни, суретін қағазға көшіріп, телефоныңызға түсіріп алып, немесе презентацияның сілтемесін сұрап алуыңызға болады.

Бірден оқып шығыңыз Әрине, сіз конспектіні бір күні қайта оқу үшін жазып аласыз. Бірақ дәріс жадыңыздан өшірілмей тұрып, қателерді түзеп, кемшіліктерді толықтыру үшін (бос орындар, аяқталмаған фразалар, түсініксіз қысқартулар) конспектіні бірден оқып шыққаныңыз жақсы. Осы айқын пікірге 33 зерттеудің тұтас метаанализі арналып жазылған. Мысалы, кей зерттеулер материалды дәріскерден жай сұрауға болады деген сұрақты қозғайды. Және де мынадай шешімге келеді: материалмен танысып шығу артық болмайды, бірақ конспект жазу арқылы сіз тек өзіңізге маңызды сәттерді тіркейсіз - кейін дәрістің не жайлы оқылғанын еске түсіру оңай

болады. Сонымен, конспект осы қасиетімен құнды болып табылады. Ал тағы бір зерттеуде дәрісті серіктеспен немесе топ болып оқып, түзеткен дұрыс деген ой берілген.

Әртүрлі әдістерге жүгінініз Дәріскердің оқығанының бәрін көшіру міндетті емес, - конспектілерді түсінікті әрі ыңғайлы студия әртүрлі тәсілдері бар. Мысалы, Корнелл университеті дәптердің әр бетінде кілт сөздер мен идеяларына арналған алаң қалдырып, дәрістен кейін сол алаңды толтырып отыруды ұсынады (Корнель әдісі және т.б. жайлы осы жерде жазған болатынбыз). CUES+ әдісі дәрістерге арналған арнайы әзірленген бланкілерді қолдануды ұсынады, алайда әр 3-6 тезистен кейін аралық саммариды жазып алып, жаңа терминдерді бөлек көшіріп, дәрістен кейін кілтті идеяларды теріп алуға кішкене уақыт жұмсап отырсаңыз, бланкілердің қажеті болмайды. Кейбір дәрістер мен презентацияларды көшіруге қарағанда суретін қағазға түсірген ыңғайлы, - оны қалай жасау туралы осы жерден оқи аласыз.

Даталар мен парақтар Мінсіз конспектілерді жазу бойынша көптеген нұсқаулықтар "Абревиатураларды қолданыңыз", "Дәріскердің маңызды сәттерді қалай белгілейтініне назар аударыңыз" сияқты қарапайым кеңестер береді. Бірақ кей ұсыныстар қайталауды қажет етеді:

Егер конспектіні қолдан жазсаңыз, сақиналы дәптерлер қолданыңыз, парақтың бір жағына ғана жазыңыз, және әр жаңа тақырыпты жаңа беттен бастағаныңыз жөн. Осылай сіз дәріскер шатасқан жағдайдың өзінде жазбаларыңызды жүйелей аласыз. Әр жолға жазбаңыз - қосымша толықтыруларға орын қалдырыңыз. Күндерді қойыңыз. Дәріскерлердің аты-жөнін жазып алыңыз, бұл рәсімнің күтпеген жағдайда қажеті тиюі мүмкін.

Есеп беру түрі: ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту